

Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/18-VIII "Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 23/156-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 желтоқсанда № 391-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 35/237-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 31.03.2026 № 35 /237-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/18-VIII "Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 47-18 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақша атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің атауы орыс тілінде өзгеріссіз қалдырылсын;

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 тармағы орыс тілінде өзгеріссіз қалдырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов

Абай облысы мәслихатының
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 23/156-VIII шешіміне

қосымша

Абай облысы мәслихатының
2023 жылғы 20 сәуірдегі

**Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы
ставкалары**

Арнаулы су пайдаланудың түрі (өлшем бірлігі)							
№ р/с	Өзендер, көлдер бассейні	Тұрғын-үй пайдалану және коммунал-д ық қызметтер (теңге/1000 текше метр)	Өнеркәсіп жылу энергетика сын қоса есептегенде (теңге/1000 текше метр)	Ауыл шаруашылы ғы (теңге/ 1000 текше метр)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруа-шыл ықтары (теңге/1000 текше метр)	Су энергетика (теңге/1000 киловатт-са ғат)	Су көлігі (теңге/1000 тонна-кило метр)
1	Ертіс өзенінің бассейні	199,23	572,39	161,28	161,28	60,09	22,13
2	Балқаш және Алакөл көлдерінің бассейні	183,42	505,99	145,47	139,15	53,77	15,81